

учаскелері болып аршалы ормандар міндет атқарады. Қазақстанның фаунасының 21%-ы, не болмаса омыртқалы жануарлардың 226 түрі мекендейді. Осыдан Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына сүтқоректілердің 6 түрі және құстардың 13 түрі кіргізілген, яғни Қызыл Кітапқа енгендердің 17%-ын құрайды. Сүтқоректілердің 29 түрі жәндік жегіштер, қол қанаттылар, жыртқыштар, қостұяқтылар және кеміргіштер болып келеді.

Әдебиеттер

1 «Жануарлар әлемін пайдалану және молықтыру, күзету туралы» № 593 09.07. 2004 ж. Қазақстан Республикасының Заңы.

2 «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 ж 07.07. №175-III Қазақстан Республикасының Заңы.

3 «Көлсай көлдері» МҰТП ММ «Табиғат жылнамасы».

4 «Көлсай көлдері» МҰТП ММ «Техникалық-экономикалық және ғылыми географиялық негіздемесі».

Талапхан К., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

КОЛИЧЕСТВО ЖИВОТНЫХ И ПТИЦ НА ТЕРРИТОРИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА ОЗЕРА КОЛСАЙ

В статье представлены количество животных и птиц на территории государственного национального природного парка озера колсай. Животный мир так же богат и разнообразен -насчитывает более 226 видов позвоночных животных.

Ключевые слова: озера Колсай, млекопитающие, птицы, красная книга, марал.

Talaphan K., Kentbaev E.Zh. Baybatshanov M. K.

NUMBER OF ANIMALS AND BIRDS ON THE TERRITORY OF STATE NATIONAL NATURAL PARK LAKE KOLSAY

The article presents the number of animals and birds in the territory of the State National Natural Park Lake kolsay. The animal world is as rich and varied -naschityvaet more than 226 species of vertebrates.

Keywords: lake Kolsay, mammals, birds, red book, Mara.

ӘОЖ 639.1

Тойлыбаева Н.Ш., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

МОЙЫНҚҰМ ОРМАНДАРЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АУМАҒЫНДА ТАБИҒИ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ СӘЙКЕС ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ

Андатпа

Мақалада Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі аумағында табиғи ерекшелігіне сәйкес жан-жануарлардың таралуы мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі, жануарлар дүниесі, жан-жануарлардың таралуы

Кіріспе

Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі өңірі өзінің табиғи сипаты-солтүстік аймақтың құмды, шөл-шөлейтті өңірі ретінде ерекшеленеді. Бұл өңірдің гидрологиялық жағдайы да ерекше жазық дала, құмды алқаптар жар-қабак, құлама, жыра-қырқа жерлермен жапсарлас жатыр. Осы құлама-жарқабақтарды жиектей өскен қалың қамыс, құя-көлең шабындық алқаптар өңірдің шаруашылық жағынан қолайлы екенін алға тартады [1].

Бұталы биотопта ылғалдылығына және мекен ету ықпалы жадайлары болуына байланысты сүтқоректілердің көп түрі мекен етеді. Бұл аймақта жәндікжегіштерден құлақты кірпі, кіші ақтісті жертесер, қолқанаттылардың екі түрі, шұбар күзеннен басқа барлық түрлері, тұяқтылардың төрт түрі, құм қояны, шөлдің солтүстігіне қарай ақ қоян, дала немесе кіші шақылдақ, кіші сарышұнақ, зорман, сирек үлкен, майқұйрық және тақылдағыш қосаяқтар, сонымен қатар, атжалмандар, тоқалтістілер және құмтышқанның екі түрі белгіленді. Негізі бұл аймақта көп санды сарышұнақтар, оңтүстікке қарай құмтышқандары, ал солтүстікке қарай қараған мен тобылғы бұталарының арасында дала немесе кіші шақылдақ кездеседі. Құм қоянының саны аз. Қосаяқтар ашық алаңқайларда көп кездеседі. Жалпы бұл биотопта 33 түр тіркелді [2].

Жартасты тау етегі, шөлдің солтүстігіне қарай Болаттау және оңтүстік-шығысында Хантау, Жамбыл, Байғара тау етектерімен шектесуде. Бұл аймақта жыртқыш аңдардан қарсақ шұбар күзен, борсық және шұбар мысық немесе дала мысығы тіркелген жоқ. Бұл биотопқа негізі құлан, арқар, жайра, моңғол шақылдағы мекен етуге лайықты және қосаяқтар өкілдері мекен етпейді. Кеміргіштердің басқа түрлерінен зорман, соқыртышқан, атжалмандар, қаптесер, табынды тоқалтіс және қызылқұйрық құмтышқаны кездеседі. Тау етегіндегі ұсақ тастар, шөп жамылғысымен жамылған өсімдіктердің арасында, төменге қарай ін салып, көпше түрде моңғол шақылдағы мен зорман мекен етеді. Бұл биотопта 13 түр тіркелді.

Сексеулді аймақ. Бетпақдаланың бұл аймағында сүтқоректілердің алуантүрлілігі көп тіркелген. Жәндікжегіштерден құлақты кірпі, кіші ақтісті жертесер, қолқанаттылардың (жарқанаттың) үш түрі, жыртқыш аңдардың барлық түрлерін кездестіруге болады. Кеміргіштердің арасында зорман, жыңғыл, қызылқұйрық және үлкен құмтышқандары, қосаяқтардың төрт түрі, сұр атжалман және соқыртышқан тіркелді. Тұяқтылардан қыста құлан, қабан, қарақұйрық, ал қоянтәрізділерден – құм қояны кездеседі. Жергілікті түр ретінде, барлық аймақта кездесетін үлкен құмтышқан есептелінеді. Бұл биотопта 29 түр тіркелді.

Құмды аймақ, бұл аймақ бархандармен қоса, сонымен қатар шөп жамылғысымен жамылған қырқа-бұдыр-бұдыр алқаптар кездеседі. Сүтқоректілердің негізгі түрлері - псаммофилдер: құлақты кірпі, ала жертесер, тарғаққұйрық сарышұнақ, жүнбалақ қосаяқ, құмтышқандар, құм қояны. Құмды алқапқа шырынды өсімдіктердің бетегелі тамыр түйнегін жеуге тұяқты аңдардан - әсіресе қарақұйрық, көктемде қабандарды жиі байқауға болады. Бұл биотопта 21 түр тіркелді.

Тұзды алқап, қорықшаның басым бөлік аумақты телімдерін алып жатыр, сүтқоректілерден көбіне 9 түрі мекен етеді: қосаяқтардан – тікқұлақ қосаяқ, Житков қосаяғы, Северцов қосаяғы, кіші қосаяқ. Кеміргіштерден құмтышқанның екі түрін, ал жыртқыш аңнан қарсақты жиі кездестіруге болады. Бұл алқап сонымен қатар қарақұйрық және бөкендерде кездестіруге болады.

Тақыры, бұл аймақта сүтқоректілерді кездестіру қиын, себебі аймақты жиі су басады. Өте сирек кеміргіштердің ін салғандарын тіркеуге болады. Бұл алқапқа

қолқанаттылардың үш түрін: мұртты жарқанат, Бобринский жарқанаты, кәдімгі жарқанаттың ұшып жүргенін байқауға болады. Жыртқыш аңдардан қасқыр, қарсақ, түлкіні кездеструге болады. Сонымен қатар, құлан, бөкен және үлкен тақырлардың етегінде қосаяқтардың барлық түрін дерлік кездестіруге болады. Бұл биотопта жалпы 16 түр тіркелді.

Өзен жағалауы бұл алқапта жиі құлақты кірпі, кіші ақтісті жертесер, қолқанаттылардың шөл жарқанатынан басқа барлық түрін дерлік, жыртқыштар отрядының барлық өкілдері (9 түрі), тұяқтылардан – қабан, елік кездеседі. Кеміргіштерден көпше түрін, оның ішінде: атжалмандар, зорман, үлкен, жыңғыл және қызылқұйрықты құмтышқандарын кездестіруге болады. Өте көп кездесетін қаптесер және де құм қояны. Сонымен қатар, Бетпақдаланың батыс, сулы алқап жағалауында дала немесе кіші шақылдағын кездестіруге болады. Сулы-сазды алқапта мекен етуге лайықты ондатрды кездестіруге болады. Бұл биотопта жалпы 33 түр тіркелді.

Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі аумағында сүтқоректілердің биологиялық алуантүрлілігі өсіп-өну жағынан айтарлықтай жоғары (кесте). Табиғи аймақтың ерекшелігін ескере отырып, болашақта зерттелетін жұмыстарды ең алдымен сирек кезесетін және жойылып бара жатқан жануарларға зерттеуге бағыттау қажет. Бұл негізі ғылыми-өндірістік шараларды ұйымдастыруға, сүтқоректілерді тұрақты сақтау және молайту үшін қажет.

Кесте- Жабайы жануарлардың сан мөлшері

Жабайы жануарлар түрлерінің атауы	Есеппен қамтылған аумақ (мың га)	Есеппен қамтылған аумақтағы жабайы жануарлар (дарағы) есебі			
		Барлығы (дарағы)	Еркек (дарағы)	Ұрғашы (дарағы)	Осы жылғы төл (дарағы)
Бөкен	500,0	547	79	163	305
Сібір елігі	350,0	3793	833	1179	1781
Арқар	156,0	129	46	63	20
Қабан	300,0	797	205	159	433
Қасқыр	340,0	151	-	-	-
Шиебөрі	340,0	1178	-	-	-
Түлкі	340,0	696	-	-	-
Қарсақ	200,0	800	-	-	-
Борсық	350,0	510	-	-	-
Құм қоян	80,0	2678	-	-	-
Құлан	500,0	46	7	11	28
Шұбар күзен	80,0	531	-	-	-
Қаракұйрық	350	57	6	40	11

Аудан экономикасында басқа да табиғи ресурстар арасында орман ерекше орын алады. Сексеуіл ормандары мен бұта-тоғайлар топырақ қорғаушы атқарады [3]. Олар жартылай сусымалы құмды жерлерде өседі, олар құмның желмен көшуіне жол бермейді, сонан басқа сексеуілді алқаптар мал жаятын өңірлер болып табылады. Осы аймақта сексеуіл екпелері мен бұта тоғайлары топырақ қорғаушы рөл атқарады. Сексеуіл-бұталар жартылай еспе құмда өседі, олар топырақты желдің ұшырып кетуінен сақтайды.

Әдебиеттер

1. Талбесік (Жамбыл облысының өсімдіктер және жануарлар дүниесі) Алматы, «Ғалым» баспасы, 2013. – 128 бет

2. Основные положения ведения лесного хозяйства в Жамбылской области Республики Казахстан. Алматы: Казлеспроект, 2007. с, 12-15.

3. Сычев А.А., Абишев А.Б. Саксаульники Казахстана – проблемы сохранения и восстановление, Алматы, 2005 с 152-156

Тойлыбаева Н.Ш., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЖИВОТНЫХ В МОЙЫНКУМСКОМ ГОСУДАРСТВЕННОМ УЧРЕЖДЕНИЯ ПО ОХРАНЕ ЛЕСОВ И ЖИВОТНОГО МИРА В СООТВЕТСТВИИ С ОСОБЫМ ПРИРОДНЫМ УСЛОВИЯМ УГОДИ

В статье рассмотрены вопросы распространения животных в Мойынкумском Государственном учреждении по охране лесов и животного мира в соответствии с особым природным условиям угодия.

Ключевые слова: Мойынкумском государственном учреждении по охране лесов и животного мира, животный мир, распространение животных.

Toylybaeva N.S., Kentbaev E.Zh., Baybatshanov M.K.

SPREAD OF ANIMAL MOYINKUM STATE INSTITUTION FOR THE PROTECTION OF FORESTS AND WILDLIFE IN ACCORDANCE WITH THE SPECIFIC NATURAL CONDITIONS OF LAND

The paper deals with the spread of animal moyinkum state institution for the protection of forests and wildlife in accordance with the special natural conditions wetlands.

Keywords: Moyinkum state institution for the protection of forests and wildlife, wildlife, animals rasprostranenie.

УДК 634.12:631.527

Токушбеков С.Б., Шабалина М.В.

Казахский национальный аграрный университет

ПИТАТЕЛЬНАЯ СРЕДА ДЛЯ КЛОНАЛЬНОГО МИКРОРАЗМНОЖЕНИЯ ЯБЛОНИ СИВЕРСА

Аннотация

Создание лесов дикой яблони и восстановление естественных лесов с характерным для них огромным внутривидовым разнообразием невозможно осуществить без соответствующего посадочного материала. В естественных условиях дикая яблоня веками произрастает, размножаясь преимущественно корневыми отпрысками и частично семенами. Поэтому выращивание посадочного материала этого вида целесообразно ориентировать на естественные для его биологии способы. В мировой практике используется способ, изложенный в нашей работе. Он проводился с учетом опыта, полученного в плодоводстве и лесном хозяйстве СССР и (в последующем) Республики Казахстан.